*Мархабат Томанұлы Томановтың туғанына*

*80 жыл*



Қазақ тіл білімі ғылымының дамуына зор үлес қосқан
көрнекті тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор **МАРХАБАТ ТОМАНҰЛЫ ТОМАНОВТЫҢ**
туғанына 80 жыл толуына орай өткізілетін
**«Филологияның қазіргі кезеңдегі басымдықтары: дәстүрі мен болаша**
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция

*Алматы, 20 ақпан 2012 жыл*

Международная научно-теоретическая конференция
**«Современные тренды филологии: истоки и перспективы»,**
посвященная 80-летию со дня рождения
известного языковеда-тюрколога,
доктора филологических наук, профессора
**ТОМАНОВА МАРХАБАТА ТОМАНОВИЧА**

*Алматы, 20 февраля 2012 года*

International scientifically-theoretical conference
**"Modern trends of philology: origins and prospects",**
devoted to 80-year of birth
of the famous linguist-specialist in Turkic philology
**TOMANOV MARHABAT TOMANOVICH**

*Almaty, February 20, 2012*

I то

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

Профессор Мархабат Томановтың
80 жылдығына арналған

# «ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ДӘСТҮРІ МЕН БОЛАШАҒЫ»

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары

## I том

Алматы
«Қазақ университеті»
2012

## МАЗМҰНЫ

**Әбдезұлы Қ.** Алғысөз ........ 3

## - I -

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

**Жанпейісов Е.** Ерте күннен естегілер ........ 4
**Манкеева Ж.А.** Қазақ тілі тарихын зерттеудің жаңа үрдісі. ........ 6
**Малбақов М.** Түркі лексикографиясын зерттеудің кейбір мәселелері........ 9
**Rahimov Mehdi Nizami.** Subjunctive mood in English ........ 11

### ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚАЗІРГІ БАСЫМДЫҚТАР МЕН ЖАҢА БАҒЫТТАР

**Абдыгалимова Ж.** *Кереку өңірінің топонимикалық аталымдарының символдық мәні* ........ 15
**Ақкөзов Ә. Ә.** Сөз мағынасының төртбұрыштық моделі ........ 18
**Асқар Л.** «С»-ның сыры: уақытты когнитивтік игеру ........ 20
**Әлімтаева Л.** Қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің лексика-семантикалық өрісі ........ 24
**Әлкебаева Д.А.** Сөзтану ғылымының терминологиялық аппараты ........ 26
**Әнесова Үміт.** Қазақ мәдениеті мен өзге елдердің (ағылшын) мәдениеттеріндегі символдардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері ........ 29
**Багирова С. Н.** Особенности употребления имен существительных в научном стиле ........ 35
**Дәрменқұлова Р.Н.** Іс-әрекетті, қимылды бірлесіп орындау тұрғысынан атайтын баяндауыш туралы ........ 37
**Гусейнова Х.** Стилистические особенности языковых единиц (на основе творчества Мир Джалала) ........ 40
**Ескермесова Г.А.** Тіл дамуындағы қарама-қайшылықтар ........ 42
**Жақсыбаева Э.О. Бураханова Қ.** Шәкәрім лирикасындағы тілдік-бейнелілік аспектілер........ 45
**Жүсіпов Н.Қ.** Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі символдардың қолданылу ерекшеліктері ........ 49
**Исаева Ж.Т., Тәттібаева А.Е.** Тіл біліміндегі кірме сөздердің семантикалық өрісі........ 55
**Исрафилова Г.Ф.** Текстообразующие особенности стнтаксического параллелизма ........ 58
**Қасым Б.** Күрделі аталымдардың ғылыми негіздері мен басты ұстанымдары........ 61
**Мамаева Г.Б.** Б. Момышұлы еңбектеріндегі шешендік өнер мәселесі ........ 64
**Мамаева М.Қ.** Сөздердің «орын тәртібінің» қазақ және орыс тілдерінде зерттелу бағыттары........ 68
**Маретбаева М.Ә.** Әңгімелеу мәтініне тән ырғақ және оның эмоционалдық сипаты ........ 71
**Мәдиева Г.Б.** Тіл саясаты: Қазақстан жер-су атауларының дамуы ........ 74
**Момынова Б.** Адам ойының сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асуындағы бейвербалды амалдардың қызметі мен мағынасы ........ 77
**Рзаева С.** Об азербайджанских женских именах со словом гюль (цветок) и их связи с культом богини-матери ........ 79
**Саткенова Ж.Б.** Когнитивтік лингвистика - антропоөзектік парадигмадағы базалық ілім ........ 82
**Смағұлова Г.Н.** Қазақ фразеологизмдерінің лингвомәдени мәртебесі ........ 84
**Тәттібаева А.Е., Исаева Ж.Т.** Медицина тілінде метафоралану арқылы нысандардың қолданылу түрлері ........ 87
**Тұрсынбаева Қ.Ж.** Тіл - әлеуметтік құбылыс ретінде ........ 91
**Үмбетов М.** Азаматтық кодекс мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері........ 94
**Хасенова А.Н.** «Қимыл есімі+үшін шылауы» моделді сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалуы ........ 97
**Шалабай Б.** Мәтін стилистикасы ........ 100
**Чалтикенова Л.А.** Морфологиялық сөз нұсқаларының қызмет ерекшеліктері ........ 103

### ТАРИХИ ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ; ӘЛЕМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГІН, БОЛАШАҒЫ

**Ақымбек С.Ш.** Түркі тілдеріндегі үндесім фонетикасының мәселелері ........ 106
**Әбілқасымов Б.** Қисса аталатын әдебиеттің қазақ мәдени өміріндегі орны ........ 110
**Велиева Х.** Язык поэзии Намига Камала........ 118
**Мамедова В.** Семантическая классификация глаголов в тюркологии........ 120
**Досжан Р.А.** Ескі қазақ дереккөздері хақында ........ 124
**Жұмабаева Ж.Т.** Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың интерпретациясы (М.Томановтың зерттеуі бойынша) ........ 129
**Күркебаев К.** Қазақ тілінің ескі қыпшақ тілі лексикасымен сабақтастығы ........ 131

фразеологимдердегі ақиқат пен бейақиқат, дүние прагменттерінің тілдік бейнесі мен когнитивтік лингвистиканың басқа да мәселелері қарастырылған, С.Ақаев "Сөздің когнитологиялық сипаттары" атты мақаласында когнитологиялық талдаудың тәсілдеріне тоқталып, ойлау ой қабылдау, қорыту сияқты абстрактілік құбылыстарды зерттеу әдісі ретінде қарастырады. Зерттеуші А.Әмірбекова көркем мәтінге концептуалдық талдау жасаудың үлгілерін ұсынады. Ал А.Сыбанбаева, Б.Қасым, Н.Зайсанбаевалар метофораның танымдық сипаты туралы пікірлерін ортаға салады.

Қазіргі когнитивтік лингвистика ғылымының негізі тіл білімінің дәстүрлі зерттеу нысандарына сүйене отырып ұғым-түсініктің базалық сипатына тілдік-танымдық тұрғыда қорытынды жасау болып табылады. Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым ретінде танылуы үшін оның негізгі ұғымдары, өзіне тән категориялары болуы шарт. В.В.Петров когнитивтік ғылымның түпкілікті идеясының негізін құрайтын бірліктер турасында мынадай пікірге келеді: "Мышление представляет собой манипулирование внутренними (ментальными) репрезентациями типа фреймов, планов, сценариев, моделей и других структур знания" [35, с. 95].

Когнитивтік лингвистика ғылымының терминдік-ұғымдық аясына концепт, ұғым, символ, концептік өріс, субконцепт, сема, семама, ноэма, этимон, денотот, коннонация сияқты бірліктер жатады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Жарқынбекова Ш.К. Сопоставительная лингвоконцептология как новое перспективное направление в современной лингвистике. Жизнь языка и язык в жизни. Сб.статей посвящ. Юбилею. Э.Д.Сулейменовой. Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С 475.

2 Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігі. – Алматы, 2002.

3 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Алматы, 2006

4 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам), - Алматы, 2007.

***

В этой статье рассматриваются парадигмы антропоцентрических исследовании.

***

In this article paradigms anthropocentric research are considered.

## ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘРТЕБЕСІ

*Г.Н. Смағұлова,*
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*
*қазақ филологиясы кафедрасының профессоры*

Әдеби тілдің мәйегі саналатын тұрақты тіркестердің лингвопрагматикалық әлеуеті тілді тұтынушының сан түрлі дискурстық сипатынан көрінеді. Фразеологизмдерді сөйлеу мен жазуда дұрыс қолданатындардың тілдік танымында фреймдік үлгіде нақтылы ақпараттар жинақталады. Айтушының фразеологизмдердегі ақпараттың мағыналық бөліктерін жақсы білуі оның лингвомәдени мәртебесін анықтайды. Алайда тілді тұтынушылардың өз ұлт тілінде қолданыстағы тұрақты тіркестердің мағынасын дұрыс білмегендіктерінен тыңдаушыға да ойын түсінікті етіп жеткізе алмайды. Біз бұл мақаламызда фразеологиялық тіркестердің түрлі дискурстағы лингвомәдени мәртебесі туралы сөз етеміз.

Қазақ фразеологизмдері – ең алдымен ментальдық бірліктер. Демек, тіл байлығының сарқылмас қоры ретінде тек ұлтқа тән фразеологизмдердің адресант пен адресат қабылдауындағы орасан прагматикалық әлеуеті ең бастысы қазақ тілін әдеби нормада білетіндер үшін коммуникативтік қызметі ерекше. Ойдың мәнерлі де бейнелі фразеологизмдермен жарыққа шығуы субъекті үшін лингвомәдени мәртебе болып табылады.

Өкінішке қарай, қазіргі қазақтар тілінің сөйлеу тілі тым жұтаң, мақал-мәтелдерсіз, фразеологизмдерсіз, сол себепті бейнелілігі жетпейді. Қазақ тілінде сөйлейтін қазақтардың ойын жеткізуде олардың өз